

**Пирзадаев Арман Нургабыловичтің**  
**«Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының қылмыстық-құқықтық**  
**және криминологиялық мәселелері (жымқырумен байланысты**  
**материалдар негізінде) «6D030100 –Құқықтану» мамандығы бойынша**  
**(PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу бойынша**  
**дайындаған диссертациясына**

**АННОТАЦИЯ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесінде «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» категориясының алатын орны ерекше. Бұл ерекшелікті «қылмыстық құқық бұзушылық зардабының» қылмыстық құқық бұзушылық құрамы элементтерінің бірі – объективтік жағына қатыстылығымен және материалдық құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамында маңызды роль атқаратындығымен түсіндіруге болады.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық заң қорғауындағы белгілі бір қоғамдық қатынастарға қол сұғып, сол қатынастарға белгілі бір залал келтіреді.

Барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың қылмыстық құқықтық және криминологиялық қырларын зерттеу бұл диссертациялық жұмыстың мақсатын құрамайды, меншікке қарсы, оның ішінде жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар ғана қарастырылған. Өйткені меншік құқығы адам құқықтары мен бостандықтары жүйесінде ерекше орын алады. Әлеуметтік құндылықтар жүйесінде меншікке құқық адамның әлеуметтік игіліктерінің ең маңыздысы ретінде саналады. Сондықтан бұл игілікке қол сұғушылық адамның жеке басына қол сұғушылықпен пара-пар(кең мағынада алғанда) деуге болады.

Меншік кез келген қоғам өмірінің экономикалық негізін құрайды. Мемлекетте меншік иесінің мүліктік мүдделері елеулі болып табылады. Аталған игіліктің маңыздылығының жоғарылығы сонша, халықаралық қауымдастық маңызды адам құқықтары мен бостандықтарының қатарында Адам құқықтарының жалпы декларациясында оны бекітуді жөн тапқан: «Әрбір адам мүлікке жалғыз немесе басқалармен бірлесіп иеленуге құқылы. Ешкім де еркінен тыс мүлкінен айырылмауы тиіс» (17-бабы).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» деп бекітілген.

Меншікті қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Нақты айтқанда, Қылмыстық кодекстің 2-бабында қылмыстық заңның міндеттері бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін сақтау, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, Қазақстан Республикасының

конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, басқа да құндылықтарды қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу деп көрсетілген.

Қылмыстық құқық теориясында Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің 6-тарауындағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды пайдакүнемдік ниеттің орын алғанына немесе жоқ болуына байланысты пайдакүнемдік немесе пайдакүнемдік емес деп екі топқа ажыратады. Өз кезегінде меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтар жымқырумен байланысты және меншікке қарсы басқа да пайдакүнемдік қылмыстар болып екі топқа бөлінеді. Меншікке қарсы жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіпті зардаптары осы зерттеудің затын құрайды.

Бұрынғы 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі 6-тарауында меншікке қарсы қылмыстар үшін жауаптылық 17 бапта анықталған болса (175-188-баптарында), жаңа қылмыстық заңдағы «меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 18 бапта шоғырланған (187-204-баптары). Сонымен қатар, алдыңғы заңнамада криминализацияланған 183-1, 184-1-баптарындағы қылмыс құрамдары жаңа заңда реттілігіне қарай жеке баптарда рәсімделген.

Зерттеу тақырыбының негізгі мазмұнын құраған бөтен мүлікті жымқыру нысандарына қылмыстық заңдағы 7 қылмыстық құқық бұзушылықты жатқызады. Олар: ұсақ-түйек жымқыру (187-бап); ұрлық (188-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап); алаяқтық (190-бап); тонау (191-бап); қарақшылық (192-бап); ерекше құнды заттарды жымқыруға салу (193-бап) құрамдары. Бұрынғы қылмыстық заңнамада «ұсақ-түйек жымқыру» қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмағандықтан, 6 нысан бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты пайдакүнемдік қылмыстар деп танылған болатын.

Соңғы уақыттары қаржылық (инвестициялық) пирамиданы ұйымдасқан түрде құру және оның жұмысына басшылық ету арқылы меншік иелеріне немесе өзге де иеленушілеріне айтарлықтай мөлшерде материалдық залал келтіру қатері артты. Осы орайда заңнамашының меншікке қарсы қылмыстар тобын Қазақстан Республикасының 17.01.2014 N 166-V Заңы негізінде қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және (немесе) оның қызметіне басшылық жүргізуге байланысты қылмыс құрамымен толықтыруы орынды болды (177-1-бабы). Жаңа қылмыстық заңда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі нақтыланып, қылмыстық құқықтық норма меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды көздейтін тараудан экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық көздейтін тарауға ауыстырылған болатын. Заңнамашының бұл шешімін толығымен қолдауға болады, өйткені қаржылық (инвестициялық) пирамида құру меншік қатынастарына қарағанда экономикалық сипаттағы неғұрлым ауқымды қатынастарға нұқсан келтіретіні айқын.

Қазақстанда жаңа мемлекеттік-құқықтық, қоғамдық-саяси қатынастарды құру өзімен бірге қалыптасқан экономикалық байланыстарды, жұмыссыздық, қоғамның әлеуметтік жіктелуі, тұрғындардың рухани-адамгершілік бағдары сияқты жағымсыз салдарды ала келді.

Ауыр салдардың қатарында елдегі криминогендік жағдайдың нашарлауы да бар. Оның ішінде пайдакүнемдік-күштеу қылмыстарының, жымқырумен байланысты қылмыстардың өсу тенденциясы байқалады.

Бірақ, қылмыстылық қоғамда алғашқы қауымдардың құрылуынан бастау алып, қоғамдық қатынастардың дамуымен бірге әрқилы өсіп отырды. Тек қоғамға келтірілген зардаптарды бағалау әрқашанда жаңа қылмыстық нормалардың, жаза түрлерінің пайда болуы мен арнайы органдардың құрылуына және басқа мәселелерді шешуге ұйтқы болды.

Дегенмен, қазіргі таңда елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» негізіндегі отандық құқықтық саясатты жетілдіру мақсатында көптеген ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Аталған тұжырымдаманың 2.8 бөлімінде бұл бағыттағы маңызды іс-шаралар кешені келесі түрде айқындалған: «Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны – қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс-жүргізу және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, тұтас алғанда оны серпінді дамыту қамтамасыз етілді деуге болады. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс - қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті пәрменді құралы».

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы меншікке қарсы қылмыстардың ішіндегі ең көп тараған және қоғам үшін едәуір қауіптісі болып табылады. Оны жымқырумен байланысты қылмыстарға қатысты соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерден байқауымызға болады.

Меншікке қарсы қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінен алынған мәліметтерге назар аударсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішінде алатын орнының жоғары екенін аңғаруға болады. Меншікке қарсы қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі Комитетінің мәліметтеріне сәйкес, республикамызда тіркелген жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішіндегі меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі: 2010 жылы - 67,4%, 2011 жылы - 80%, 2012 жылы – 81%, 2013 жылы – 77,9%, 2014 жылы – 79,5%, 2015 жылы – 75% құрап отырғанына назар аудар

отырып, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы қылмыстылық ішіндегі үлес салмағы жоғары екенін көреміз.

Оның бірнеше себептерін көрсетуге болады:

- қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша мемлекеттік аппараттардың (әр түрлі органдарда ұйымдастырылатын шаралар мен жұмыстар өз алдына, дербес және жеке жүргізілуінде) жұмыстарының өзара үйлесімсіздігі және жүргізілген жұмыстар нәтижелерін талдаудың жеткіліксіздігі;

- қылмыстылықтың алдын алуға байланысты кешенді криминологиялық болжамдардың жүргізілмеуі;

- әлемдік жаһандану жағдайында қылмыс істеу құралдары мен тәсілдері үнемі жетілдіріле түсіп қылмыстармен күрес шараларының алдын орап кетуі;

- 2010-2012 жж бастап қылмыстар бойынша құқық қорғау органдарында түскен барлық арыздар мен хабарламаларды бірінғай тіркеу жүйесін енгізу нәтижесінде сапаға емес, санға таласу жағдайларының орын алуымен түсіндіріледі.

Қылмыстылықты әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде түсінудің басты бағыты ретінде оны туындататын себептерге ықпал ету түрінде алдын алуды қажетсінеді. Сол себепті де бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабын болдырмау, олармен тиімді күресу мен алдын алу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мұндай қылмыстылықтың құнын анықтау күрес шараларының тиімділігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Бұл жұмыстың мақсаты болып бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптың сипаты мен мөлшеріне байланысты қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда зерттеу жүргізу болып табылады. Қылмыстық заңнамадағы қылмыс зардаптарына қатысты ұғымдарды біріздендіру мен бірінғай саралауды қамтамасыз ету және бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарынан келетін зардаптардың мөлшерін, құнын анықтау мен осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар әзірлеуді де көздейді.

Осы мақсаттарды басшылыққа ала отырып зерттеу жұмысы төмендегідей міндеттерді шешуді алға қояды:

- қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылық зардабының ұғымы мен белгілерін талдау;

- жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық зардабын қылмыс құрамының белгілері қатарында зерттеу;

- бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық белгілейтін қылмыстық-құқықтық нормаларға талдау жасау негізінде қылмыстық-құқықтық заңнама мен тәжірибені жетілдіруге байланысты ұсыныстар әзірлеу;

- меншікті жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келген қоғамға қауіпті зардаптарға криминологиялық

сипаттама беру және олардан келетін зардаптардың құнын анықтаудың маңызын көрсету;

- меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптармен күресу мен алдын алу шараларының тиімділігін арттыру мәселелерін талдау.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Аталған диссертациялық жұмыстың ерекшелігі ретінде біз ең алдымен таңдап алған тақырыптың күрделілігін айтар едік. Себебі, тақырып **объектісі** ретінде екі түрлі мәселені зерттеу нысанасына алады. *Біріншіден*, бөтеннің мүлкін жымқыру мәселесі болса, *екіншіден*, осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін қоғамға қауіпті зардаптар мәселесін қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда қарастырылады.

Әрине, бөтеннің мүлкін жымқыру мәселесі осы уақытқа дейін әр түрлі деңгейде зерттелген, тіпті көп зерттелген тақырып болып көрінуі мүмкін. Алайда біздің жұмысымыз жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау нәтижесінде келетін зардаптары жағынан зерделеп, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың құны мен олардың алдын алуды тиімді ұйымдастыру бағытында кешенді зерттеу жүргізілуін көрсетуге болады.

**Зерттеу жұмысының пәні.** Қылмыс зардабы бойынша отандық және шетел ғалымдарының ғылыми еңбектері, жымқыру бойынша қылмыстық жауапкершілік туралы отандық және шетел заңнамалары, қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесі және статистикалық мәліметтер.

#### **Қорғауға ұсынылатын ережелер:**

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қолданылатын негізгі ұғымдарына жаңа «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» түсінігін «Қылмыстық құқық бұзушылық зардап ретінде тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасына сәйкес тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекетті кінәлі түрде жасау нәтижесіндегі залалды, зиянды және зардапты өзгерістерді атаймыз» - деп анықтама беріліп, енгізілуі қажет деп санаймыз.

Бұл болашақта құқық қолданушылық тәжірибеде қателіктер мен шатасуларға мүмкіндік бермейді деп сенеміз.

2. ҚР ҚК 188-бабын келесідей бөлікпен немесе ескертумен толықтыру: «Бөтеннің мүлкін жымқырған кінәлі адам тағайындалған жазаға қарамастан меншік иесіне Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 917-бабына сәйкес материалдық және (немесе) материалдық емес зиянды толық көлемде өтеуге міндетті» деп белгілеу қажет. Мұндай норма қылмыс істеген адамдардың жауапкершілігінің жаза өтеумен шектелмей, келтірген залалының орнын толтыру міндетін жүктеп, жымқыру арқылы алған мүліктің құнын түбінде бір өтейтінін білдіріп, жауапкершілік жүгін арттырады деп ойлаймыз.

3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамын жаңа құрам ретінде қылмыстық заңнамаға енгізуді қолдамаймыз, оны декриминализациялауды қажет ететін бап ретінде және

бұл қылмыстық құқық бұзушылық құрамын Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне сәйкес бұрынғыдай әкімшілік құқық бұзушылық құрамы ретінде белгілеуді қалдыруды ұсынамыз. Себебі, бұл біріншіден, қылмыстық құқық бұзушылықтар шеңберін кеңейтеді; екіншіден, қылмыстық құқықбұзушылар саны мен қылмыстылық туралы елдегі статистикалық мәліметтердің артуына әкеледі; үшіншіден мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін мемлекет тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес міндеті жүктелген органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін керегі жоқ, артық күш жұмсауды қажетсінеді.

4. Зерттелген нормаларда (ҚК 187-бабы) кездесетін «болмашы мөлшер» деген заңнамалық ұғымды нақтылау мен қайта қарауды ұсынамыз. «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамындағы «болмашы мөлшер» деген сөздің қолдануын дұрыс емес деп табымыз. Себебі, болмашы мөлшер ұғымын енгізу теориялық және практикалық жағынан ұсақ мөлшер, аз мөлшер деген ұғымдармен қатар заңнамаға жаңа «болмашы» мөлшер деген ұғымды енгізіп, одан сайын терминологиялық шатасуларды көбейтеді, онсыз да шұбалаңқы сөзімізді шұбарландырады. Қолданыстағы 187-баптың 1 бөлімінің диспозициясы біріншіден, осы жымқырудың ұсақ-түйектігін емес «болмашы мөлшерде жасалған» деп қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттің мөлшерін қамтығандай сипатталған. Мысалы: «бір реттен артпайтын» деген секілді. Бұл жерде аудармашы осы баптың 2-бөлімі «бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру» болғандықтан бірінші бөлімнің мазмұнын түсінбегендей.

Сонымен қатар болмашы сөзі аз мөлшер немесе ұсақ мөлшер деген ұғымға қарағанда мағынасы жағынан кең талқылауға жол береді, құқық қолданушыларды ойландырып саралауда қателіктер жасауына жол береді. Қолданыстағы Қылмыстық кодекстің «Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталатын 3-бабының 10-бөлігінде белгіленген «болмашы мөлшер» деген ұғымды орысшадан тікелей аударылған, қазақ тілінде бар әрі түсінікті «аз мөлшер» немесе бап атауына да қайшы емес әрі түсінікті көрсетілгендей «ұсақ мөлшер» деп ауыстырған дұрыс деп ойлаймыз.

5. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптар жалпы қылмыстылықтан келетін зардаптардың жартысынан астамын құрайды және бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптардың материалдық зияны ғана мемлекеттік мәліметтер базасында тіркеледі. Ал зиян тек материалдық қана емес, материалдық емес нысында да болатынын ескеріп, болашақта тек материалдық емес моральдық зияндарды есепке алу қамтамасыз еткен жөн. Бұл орайда қылмыстық істердегі азаматтық талап ережелері шеңберінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 47-тарауына сәйкес «Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер» бойынша да мемлекеттік мәліметтерді ресми тіркеуді жүргізуді енгізу қажет.

6. Зерттеу нәтижесінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімділігін қамтамасыз ету үшін қылмыстылық «құнының» үш компоненттен тұратынын тұжырымдаймыз: а) қылмыстық

құқық бұзушылықтардан келген (тікелей немесе жанама) зиян; б) мемлекеттің экономикалық және өзге де ақшалай тұрғыда жұмсайтын міндетті шығындары (құқық қорғау, жазаларды атқаратын мекемелер мен органдардың және т.б. қызметін қамтамасыз етуге жұмсалатын шығындар); в) қоғамның криминалдық қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсайтын шығындары.

**Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі.** Диссертациялық зерттеу жұмысы КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық атқару құқығы және криминология кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің негізгі теориялық ұсыныс-қорытындылары мен тақырыптың кейбір ғылыми даулы тұстары бойынша жүргізілген зерттеулер мен оған берілген пікірлер кафедраның отырыстарында талқыланды.

Диссертация тақырыбының кейбір мәселелері ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда тыңдалып, зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар түрінде (соның ішінде, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес) жарияланған.

**Диссертацияның құрылымы мен көлемі** жұмыстағы зерттеліп отырған мәселелердің мазмұнына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталған және ол кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

**Жұмыстың мазмұны. Кіріспе** диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы, өзектілігі, зерттелу деңгейі, теориялық негізі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, методологиясы мен методикасы, нормативтік және эмпирикалық базасы, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы, зерттеу нәтижесіндегі ұсыныстардан және жұмыстың сыннан өтуінен тұрады.

«Қоғамға қауіпті зардап – қылмыстық-құқықтық категория және меншікті жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың нәтижесі ретінде» тақырыбындағы **бірінші бөлімде** «Қоғамға қауіпті зардап – қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесі ретінде» және «Жымқыру зардабының кейбір қылмыстық-құқықтық мәселелері» тақырыптарындағы **екі тарауды** қамтиды.

«Қоғамға қауіпті зардап – қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесі ретінде» тақырыбындағы тарауда, қандай да болсын қылмыстық іс-әрекеттің қоғамдық қауіпті зардаптарды туындататынын бекітетін нақты ережелер бойынша еліміздің және АҚШ, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Польша Республикасы, Армения Республикасы, Туркменстан, Өзбекстан Республикасы, Молдова Республикасы секілді кейбір шетелдердің қылмыстық заңнамаларына талқылау жасалынды.

Заңдағы құрылымына қарай қылмыстың объективтік жағы материалдық (зардаптың туындауы міндетті), формальдық (қылмысты аяқталды деп есептеу үшін іс әрекетті істеу жеткілікті) құрамдағы және келте құрамдағы (қылмыстың аяқталу сәті қылмыстың алдыңғы сатыларына көшірілген) қылмыстар болып бөлінетінін құрылымдардың қай қайсысына болсын

қылмыс зардабы тән болып келетіндігі және қылмыстық заңнамада қылмыс зардабы формальдық құрамдарда құрамның шегінен тыс шығарылып олардың қылмысты саралауға әсер етпегенімен, жаза тағайындау кезінде сотпен ескерілетіндігі көрсетілген.

Сонымен қатар, қылмыс зардабының ұғымын қылмыстық құқық ғылымында әр түрлі ғалым-заңгерлер ашуға талпыныс жасаған С.В.Землинский, М.М. Бабаевтың, В. В. Лунеевтің, А.С. Михлиннің, Л.Д. Гаухманның, Л.М. Колодкиннің ұсыныстары және осы тарауда теориядағы «салдар», «нәтиже», «залал», «зардап» түсініктері бойынша Н.Ф. Кузнецова, Я.М. Брайнин, Ю.А. Красников, А.И. Рарог, В.Н. Кудрявцев, Б.С. Никифиров, А.Н. Трайнин, Т.В. Церетели, Н.Д. Дурманов секілді ғалымдардың көзқарастары қарастырылып талқыланған.

Қылмыстық зардап материалдық және формальдық құрамдағы қылмыстар жасау нәтижесінде келетін залал деп танылып, формальдық құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардабы ең алдымен қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын түсіну жолымен, қылмыстың тікелей объектісін анықтау жолымен түсіндіріледі.

Оған қоса, қылмыс зардабы материалдық немесе материалдық емес сипатта болатынды ескеріліп, формальдық құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігінде материалдық құрамдағы қылмыстар сияқты белгілі бір залал келтіреді, ол залал әдетте материалдық емес сипаттағы залал түрінде көрінеді. Сондықтан формальдық құрамдағы залалды нақты өлшеу мүмкін емес, ал объектідегі кез келген өзгеріс қоғам үшін қауіпті болып табылады. Мұндай құрамдар үшін заң шығарушы қылмыстың ауырлығы мен сипатын бағалау міндетін құқық қорғау органдары мен сот, прокуратура органдарына артпай-ақ өзі белгілеп қояды, яғни қылмысты аяқталды есептеу үшін қылмыстық іс-әрекетті істеуді жеткілікті деп таниды, қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін міндетті шарт ретінде қылмыс зардабы қаралмайды.

Қылмыс зардабын нақты қылмыс құрамы шеңберінде тікелей объектімен бірге қарастыру негізгі және қосымша қылмыстық зардаптардың табиғаты мен мазмұнын анықтауға көмектеседі. Бұл мәселені шешу бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстарды бағалау үшін маңызды, себебі бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардан әдетте бірнеше зардаптар туындайды.

Нақты қылмыс құрамының объектісіне, яғни қоғамдық қатынастарға келтірілген зардаптарға қарап қылмыстық зардаптарды негізгі объектіге келтірілген залал, қосымша объектіге келтірілген қосымша залал деп бөлеміз. Негізгі және қосымша қылмыстық зардаппен бірге факультативтік қылмыстық зардап та болады.

Қылмыстың факультативтік зардабы ретінде қылмыстық-құқықтық объектіде қылмыстық заңның ерекше бөлімінің бабының диспозициясында көзделмеген, бірақ туындаған жағдайда онымен қамтылатын және ҚР ҚК тиісті нормасы бойынша қосымша саралуды қажет етпейтін зардап танылады. Факультативтік зардап қылмыстық-құқықтық норманың



конструкциясы бойынша туындаған жағдайдың өзінде қылмыс құрамының элементі болып есептелмейді.

Факультативтік зардап барлық қылмыстар үшін тән емес, сондықтан оның шегінен тыс жатыр. Оның бар немесе жоқтығы қылмысты саралауға әсерін тигізбейді.

Қосымша объект қылмыс құрамының қажетті элементі болып табылады. Алайда осы объектіге тән қылмыстық зардаптар осындай белгі болуы керек дегенді білдірмейді. Қылмыстық зардап объект пен қылмыстық іс-әрекетке қарағанда айырмашылығы қылмыстық заңнама бойынша барлық қылмыс құрамдарының ажыратылмас белгісі емес. Қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне қол сұғушылық нақты қылмыстық зардаптың туындауымен байланыстырылмайды. Мұндай құрамдардағы қылмыстық зардап қылмыс құрамының қажетті элементі ретінде маңызы болмайды.

Факультативтік зардап негізгі және қосымша зардаптармен бірге қылмыс жасау процесінде де одан тыс та туындауы мүмкін. Бір әрекет бірнеше зардаптың себебі болуы мүмкін.

Сонымен қосымша және факультативтік қылмыстық зардаптар арасындағы басты айырмашылық қосымша қылмыстық зардап нақты қылмыстың объективтік жағының элементі болса, факультативтік зардап қылмыс құрамы элементінің белгісі емес. Сондықтан да қосымша зардаптың болмауы негізгі зардап бар болған жағдайдың өзінде тиісті қылмыс құрамы жоқ деп танылады. Егер негізгі объектіге зиян келтірген қылмыстың факультативтік зардабының бар немесе жоқтығы қылмыс құрамына әсер етпейді деген тұжырым жасалынған.

Және келтірілген залалдың орнын үш есе мөлшерде толтыру бойынша көзқарас та осы тарауда көтеріліп оны құптарлық бірнеше аргументтер келтірілген.

Қылмыстық зардаптардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің нормаларының ескертуінде ұғымының бар болуы немесе жоқтығы тек қана заң шығару техникасының әдісі. Ал заң әдебиеттерінде қылмыс зардаптарының заң нормасында қолданылуын бірнеше жағдайлармен ұғындырылады.

Біріншіден, қылмыс өзінің сипаттамасы бойынша қоғамдық қауіптілік дәрежесіне ие болғандықтан, заң шығарушы іс-әрекеттің зардап әкелуін күтпей-ақ, оның іске асыруының ерте кезеңдеріне қылмыстың аяқталуы сатысын көшіруге мүмкіндік алады. (мысалы, қарақшылық құрамы келте немесе қысқартылған конструкциялы құрамға жатады);

Екіншіден, қоғамдық қауіпті зардаптар дәл өлшемге және сипаттамаларға келмейді, демек, айқын сандық-сапалық көрсеткіштері болмайды (мысалы, жала жабу ҚР ҚК 130-бап; қорлау ҚР ҚК 131-бап);

Үшіншіден, зардап іс-әрекетпен ажырамас байланыста және (заттардың табиғи жүрісі бойынша) оқиғалардың табиғи дамуында оған ілесіп жүреді, мысалы, «тергеушіден немесе соттан қылмыс істелгенін дәлелдеу ерекше қажеттілікті талап етпеген» жағдайдан бөлек кездерінде жасалған іс-әрекеттің зардабы көрініп тұр. (Бөпені ауыстырып жіберу, заңсыз бас

бостандығынан айыру, зорлау, тонау, қарақшылық т.б).

Сондықтан, әр түрлі қоғамдық қауіпті зардаптардың түрлерін шатастыруды болдырмау үшін Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасында қолданылатын ұғымдар бойынша ҚР ҚК Жалпы бөлімінің шеңберінде түсіндірме беру орынды. Мысалы, «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп 3-бабымен толықтыруы құптарлық дей келе, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде қолданылатын негізгі ұғымдарына жаңа «қылмыстық құқық бұзушылық зардабы» түсінігін «Қылмыстық құқық бұзушылық зардап ретінде осы Кодексте тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет нәтижесіндегі залалды және (немесе) зиянды өзгерістерді атаймыз» - деп анықтама беріліп, енгізілуі қажеттілігі көрсетіліп.

Бұл қадамның болашақта құқық қолданушылық тәжірибеде қателіктер мен шатасуларға мүмкіндік бермейтіндігі аталған.

«Жымқыру зардабының кейбір қылмыстық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы тарауда, меншікті қылмыстық-құқықтық қорғау - меншік құқығының конституциялық кепілдіктерінің бірі ретінде қарастырыла отырып, оған қол сұғуға байланысты қатынастардың тарихын, елміздегі, шет мемлекеттеріндегі сол қылмыстық құқықтық қатынастарының реттелу тәжірибесі және оның ішінде жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардаптарың мәнін ашу мақсатында қылмыстық-құқықтық зардаптың құқықтық табиғатына назар аударылған.

Сонымен қатар, тарауда тақырыптың мазмұнын ашу үшін статистикалық мәліметтер мен сот-тергеу тәжірибесінің материалдары талданған.

Отандық және шетелдік ғалымдардың «жымқыру» ұғымына байланысты көзқарастары сараланған.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 6 тарауында орналасқан «меншікке қарсы қылмыстар» деп мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал қауіпін тудырумен байланысты Қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз деп анықтама беріліп, қылмыстық заңдағы 7 қылмыстық құқық бұзушылық: ұсақ-түйек жымқыру (187-бап); ұрлық (188-бап); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап); алаяқтық (190-бап); тонау (191-бап); қарақшылық (192-бап); ерекше құнды заттарды жымқыруға салу (193-бап) құрамдары бойынша келтіретін зардаптар қамтылып осы зардаптардың еліміздегі жалпы қылмыстылық зардаптарының жартысынан көбісін құрайтындығы көрсетілген.

Осы орайда зерттеу нысанына сәйкес бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыстар мен олардан келетін зардаптардың құқықтық табиғатын түсіну үшін жымқырудың түсінігі, белгілері және түрлерін зерттелген.

Осы бағытта Ю.И. Ляпуновтың, Г.А. Кригер, В.А. Владимировтың, С.Ф. Милюковтің, А.И. Бойцовтың, А.В. Голикованың, С.А. Бочкаревтың, Е.А. Раздобудконың, В.И. Плохованың, С.М. Кочоидың, А.Г. Корягиннің еңбетері қарастырылды.

Сонымен қатар, 1997 жылғы Қылмыстық кодекстің қазақша нұсқасында қолданылған «ұрлау» терминінің өзі де өте ұтымды емес. Себебі орыс тіліндегі нұсқасында берілген «хищение» термині қазақ тіліндегі нұсқада «ұрлау» болып кеткен. Яғни заң шығарушы топтық ұғымды жеке дара ұғыммен бір деңгейде қарастырған.

Олай айтып отырған себебіміз «ұрлау» барлық жымқыруға салу нысандарының бір нысаны ұрлықтың нысандары ғана болып табылады. Бұған қоса сол 1997 жылғы ҚР ҚК 175-баптағы «ұрлық» құрамын түсіндіргенде де заң шығарушы заң нормасының конструкциясында ұрлық дегеніміз бұл бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау деп көрсеткен. Сонда ұрлық дегеніміз жасырын ұрлау. Түсініп көріңіз, заң техникасының талаптарына сәйкес норма құрылымында қайталанған ұғымдар болмауы тиіс.

Және жымқырумен байланысты қылмыстық заңнамадағы терминологиялық заңдық-техникалық мәселердің бірі ретінде 187-бап. «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамындағы «болмашы мөлшер» деген сөздің қолдануын дұрыс емес деп оны шешу жолын ұсынады.

Қайталама ұғым ретінде жымқыру ұғымы тек қана меншікке қарсы қылмыстар тарауында ғана кездеспейді, ол қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімінің басқа тарауларында да жымқыру түрінде сипатталған (мысалы: есірткі заттарын, ядролық заттарды жымқыру) мәселе ретінде көтеріліп, ол бойынша ғалымдардың пікірі талқыланып, шешім шығарылған.

Сонымен қатар осы тарауда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі 187-бап «Ұсақ-түйек жымқыру» құрамын жаңа құрам ретінде қылмыстық заңнамаға енгізу қолдау таппай, оны декриминализациялауды қажет ететін бап ретінде ұсынылған.

Осы тарауда меншікке қарсы қылмыстар үшін тағайындалатын жаза түрлеріне қатысты 2015 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қылмыстық кодекстің бөтеннің мүлкін жымқырумен байланысты қылмыс құрамдарын (ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау істегені үшін «мүлкін тәркілеу» түріндегі қосымша жазаны тағайындау мүмкіндіктері барынша талқыланған.

Сонымен қатар қылмыс істеген адам тек жаза өтеумен шектеліп қалады, ал меншік иесіне келген материалдық залалдың орнын толтыру мәселесі қылмыстық жазаның сыртында қалады. Ал бөтеннің иелігінен заңсыз шығарылған мүлік қайтарылуға тиісті. Бұл орайда меншік иесіне немесе мүліктің өзге де иеленушісіне жымқырылған мүліктің өзі немесе нарықтағы құны қайтарылуы тиіс деп тұжырымдалынып зерттеу жұмысында ҚР ҚК 188-бабын толықтыруды ұсынады.

Және зерттеп отырған құрамдардағы адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша және қылмыстық топ жасаған әрекеттер ретінде қылмыс құрамының ауырлатылған және аса ауырлатылған түрлері қылмыстық құқық

бұзушылыққа сыбайласудың заңда белгіленген нысандары бойынша сұрақтар қарастырылған.

Тарау жымқырудан келетін зардаптардың белгілерін көрсетумен аяқталған.

Диссертациялық жұмыстың **екінші бөлімі** «Жымқыру зардабының белгілері мен түрлері» деп аталып «Жымқыру зардабы – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгісі ретінде» және «Жымқыруды зардаптары бойынша саралау мәселелері бойынша саралау» тақырыптарындағы **екі тарауды** қамтиды.

«Жымқыру зардабы – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағының белгісі ретінде» тарауында қылмыстық құқық ғылымында жымқыру ұғымы мен оны сипаттайтын негізгі элементтерді ашу жымқырудың барлық нысандарына тән белгілерді анықтауға және дараландыруға, нақты жымқыру нысандарын талдауды жеңілдетуге, меншікке қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратуға, қылмыстық жазаланбайтын іс-әрекеттерден ажыратуға көмектесетіндігі негізделіп, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде берілген жымқыру ұғымын талдай келе, оның мазмұнын құрайтын келесі белгілер:

- мүлікті кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына алу;
- меншік иесіне немесе мүліктің өзге иеленушісіне залал келтіру;
- құқыққа қайшы алу және/немесе айналдыру;
- ақысыз алу және/немесе айналдыру;
- бөтеннің мүлкін алу және/немесе айналдыру;
- пайдакүнемдік мақсат көрсетілген.

Және осы белгілерді жеке жеке қарастырылып, О.Ф. Шишов, А.П. Рарог, И.Ш. Борчашвили, М.С. Нарикбаев, К.Ш. Уканов, Е.О. Алауов, А.В. Шульганың, Н.И.Коржанскийдің, С.М.Кочойдың, И.Я.Козаченконың пікірлері кең талқыланып ұстанымдар шығарылған.

Сонымен қатар 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген ҚР ҚК баптарында декриминализацияланған қылмыс құрамдары және бөтен меншікке қол сұғу арқылы мүлікті иемдену бойынша шет ел тәжірибелері және сол тәжірибиелерді қолдайтын кейбір отандық ғалымдардың пікірлері де ескерілген.

Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бойынша жымқыруға салу қылмысы құрамының объективтік белгілерін: қылмыс объектісі мен қылмыстың объективтік жағын сипаттай келе, жымқырудың объектісіне қатысты мәселе қылмыстық-құқықтық ғылымда әр түрлі шешіледі. Бір авторлар жымқырудың объектісі болып экономикалық меншікті, яғни базистік категория ретінде таниды, екіншілері меншікке құқықты, үшіншілері екеуін бірге қарастырады, төртіншілері мүлік және мүліктік мүдде деп көрсететіндігін қарастырған.

Авторлардың пікірлері жан-жақты талданып қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісі ретінде экономикалық және құқықтық категория ретіндегі меншіктік қатынастар танылады дегендері дұрыс деп тұжырымдалынған. Өйткені қоғамда меншік қатынастары субъектілердің

иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығына байланысты нормалармен реттеліп, бекітіледі және қорғалады. Осы құқықтарды жүзеге асыру барысында азаматтар белгілі бір қатынастарға түседі, ол қарым-қатынастар қоғамға қауіптілік туындатып қылмыстық-құқықтық тыйымдарды бұзуы да мүмкін деп көрсеткен.

Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы объектісі меншік қатынастары болғандықтан, жымқыруға салу әрекеті тікелей меншікке қарсы бағытталған.

Сол себептен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6 тарауы «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі қылмыстық заңмен қорғалатын меншік құқығына байланысты қоғамдық қатынастар.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың, соның ішінде жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісін меншік иесінің иелену, пайдалану немесе оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар құрайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі болып меншіктің кез-келген нысаны табылады делініп, осы топтық объект және тікелей объект, сонымен қатар объект пен жымқыру затының айырмашылығына байланысты да ғалымдардың пікірлері талқыланып ұстанымдар қабылданылған.

Оған қоса, қылмыстық құқық теориясы мен практикасы кез келген жымқыру қылмыстарының затының: физикалық-заттық, экономикалық және құқықтық белгілері жеке қарастырылып оларға сипаттама беріліп, жымқыруға салудың объективтік жағының барлық белгілерін анықтау, оның қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретіндігі көретілген.

Сонымен қатар осы тарауда жымқыру туралы толық көлемде көрініс алу үшін объективтік белгілермен қатар, субъективтік белгілерін жан-жақты қарастырған.

«Жымқыруды зардаптары бойынша саралау мәселелері» тарауында сот-тергеу тәжірибесі үшін жымқыруды түрлерге жіктеу маңызды болып табылады, олар қол сұғушылықты істеу тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай жіктелетін қылмыс нысандарына емес, әрбір қылмыс нысанының меншік иесіне немесе мүліктің өзге де иеленушісіне келтірген залалының мөлшеріне қарай бөлінетіндігі қылмыстық құқық ғылымында жымқырумен байланысты қылмыстар әр түрлі критерийлер бойынша жіктелетіндігі, теориялық жіктеуді қолданбалылық аспектіде пайдалану сот-тергеу практикасының жұмысын жетілдіруге, оптимизациялауға көмектесіп, әр түрлі проблемалық мәселелерді шешудің жолдарын анықтайтындығы жазылған.

Сонымен қатар, осы сұраққа байланысты АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Италия мемлекеттеріндегі қылмыстық заңнамалары талқыланды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары баптарында алынған мүліктің мөлшеріне қарай бөтеннің мүлкін жымқырудың келесі төрт түрін ажыратады деп көрсетіп:

1) болмашы мөлшерде ұсақ-түйек жымқыру (ҚР ҚК 187-бабы) - ұйымға тиесілі мүліктің құны 10 АЕК аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі 2 АЕК аспайтын жымқыру әрекеттері;

2) ұрлық (ҚР ҚК 188-бабының 1-бөлігі) 10 АЕК-тен 500 АЕК дейінгі мөлшердегі мүлікті ұрлау іс-әрекеттері;

3) ірі мөлшерде ұрлық жасау (ҚР ҚК 188-бабының 3-бөлігі) 500 АЕК-тен 2000 АЕК дейінгі мөлшердегі ұрлау іс-әрекеттері;

4) аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық (ҚР ҚК 188-бабының 4-бөлігі) 2000 АЕК-тен асатын мөлшердегі ұрлау іс-әрекеттері.

Осы белгілерге сүйене отырып, жымқырудың келесі ұсақ-түйек, жай, ірі және ерекше құнды заттарды жымқыру түрлерін бөлінуі оларға жеже-жеке тоқталу арқылы қарастырылған.

Отандық заңнамада орын алған жымқыруға салудың ұрлық, алаяқтық, бөтеннің мүлкін иелену және ысырап ету, тонау, қарақшылық секілді нысандары да қамтылып, олардың бір-бірінен айырмашылығына байланысты отандық және шет елдік ғалымдардың пікірлері қарастырылып тұжырымдалынған.

Қылмысты дұрыс сараламау негізсіз қатаң немесе орынсыз жеңіл жаза тағайындауға әкеп соғады, ал бұл өз кезегінде өзара байланысты және бірін бірі толықтырып тұратын жалпы және арнайы алдын алулардың дұрыс үйлесуінің бұзылуына әкелетінді секілді бірнеше ойлар көтеріліп жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарға жаза тағайындаудың орны мен оның мәселелері көрсетілген. Оның ішінде - қоғамға оншалықты қауіп төндірмейтін қылмыстармен күрес мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары мен қоғамдық әсер ету шараларын ұштастыру арқылы жүзеге асырылуы керектігі зерттеріліп көрсетілген.

Диссертациялық жұмыстың **үшінші бөлімі** «Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін қоғамға қауіпті зардаптардың криминологиялық мәселелері» тақырыбында жазылып «Жымқырудан келетін зардаптардың құны» және «Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігі» деп аталатын **екі тараудан** тұрады.

«Жымқырудан келетін зардаптардың құны» тақырыбындағы тарауда автор қылмыс зардаптарын қылмыстық- құқықтық тұрғыда ғана емес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың әлеуметтік зардаптары тұрғысында зерттейді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан келетін зардап тарихи жағынан қылмыстылықтың әлеуметтік салдарын қылмыстылықпен күресудегі ғылыми, құқықтық, методологиялық, ұйымдастырушылық, құқық қолданушылық, техникалық, атқарушылық және т.б. міндеттерді шешу құралы болып қалыптаса жетістіктерге жетелегені көрсетіліп оларға тоқталып өтеді.

Сонымен қатар, меншікті жымқыру қылмыстылығының мүмкін болатын әлеуметтік зардабының құнын анықтау барысында төмендегідей салдарлар есепке алынуы мүмкін:

1) криминогендік фактор ретінде, яғни жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды туындататын фактор ретінде болады;

2) қылмыстық құқық теориясында немесе криминологияда ескерілгенімен, бағалық тұрғыда көрініс таппауы мүмкін (500 мың мен 700 мың теңге зардап келтірген қылмыскерлер бірдей жаза мерзіміне кесілуі мүмкін т.б.);

3) криминологиялық болжамдар үшін маңыздылыққа ие болады деп тұжырымдайды.

Тақырыптың өзектілігін ашу мақсатында осы тарауда еліміздегі жасалынған 2010 жылдан 2015 жыл аралығындағы қылмыстылықтың ресми жалпы саны, оның ішіндегі меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар, әріқарай жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны мен оның зардаптары бойынша статистикалық мәліметтерді көрсетіп оның жыл сайынға өсі көрсеткішінің себебіне жеке тоқталған.

Оған қоса болашақта жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабының құнын есептеуге қолдануға болатын арнайы формула ойлап табуға итермелейтін Ресей Федерациясының ғалымдары Л.В. Кондратюк және В.С. Овчинский өздерінің «Криминологическое измерение» атты еңбегінде криминалдық мінез-құлықты биологиялық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, рухани-этикалық контекстік көпөлшемді жүйеде қарастырып, биологиялық, психикалық және рухани тұрмыс секілді үш кеңістікті өлшеммен өлшейді. Осылай адамның жүріс-тұрысы оның өзінің ішкі дүниесіндегі рухани жағдаймен, сонымен қатар онымен қатынасқа түсуші қоғамның рухани жағдайымен тікелей байланысты деп ұйғарады. Және осы ұйғарымды басшылыққа ала отырып қылмыстылықтың құнының мәселесін шешуге тырысады. Сонымен қатар, авторлар, мысалы: кісі өліміне байланысты қоғамға келтірілетін залал өлшеу үшін жәбірленушінің орташа жалақы көрсеткішін, жасын және орташа өмір сүру ұзақтығын есепке ала отырып келесі формуланы ұсынады:  $Ус=(t-t_2)S$ .  $t$ -орташа өмір сүру ұзақтығы,  $t_2$ -жәбірленушінің жасы,  $S$ -жәбірленушінің орташа жалақы көрсеткіші.  $(t-t_2)$ - жәбірленушінің орташа өмір сүруге мүмкін жасы.

Ал, осы қылмыс түрімен келтірілген жалпы залалды есептеу үшін ( $Усо$ ), жеке залалды ( $Ус$ ) жалпы жәбірленушілер санына көбейтеміз ( $N$ ):  $Усо=УсN$ . Осы формулаға сәйкес, бір қылмыстың залалын анықтау үшін:  $Ус=Усо/N$  сүйенуге болатынын қарастырады деген ойы автормен қолдау тапқан.

Бұл тарауда да аталған тақырыптағы, әсіресе зардап құнының компоненттері, жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтарға итермелеген себептер АҚШ, Оңтүстік Корея, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания, Германия елдері ғалымдарының көзқарастары да кеңінен көрсетілген.

Кең және тар мағынада қылмыстың құны – түсінігіне анықтама берілген.

Сонымен қатар осы тарауда қылмыстық жолмен табылған ақшаны жұмсау және қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушылардың әлеуметтік жағдайы бойынша қызықты әлеуметтік зерттеулер нәтижелері ұсынылған.

«Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігі» тақырыбындағы тарау қылмыстық құқық бұзушылықпен күресудің орнына оның алдын алу бірнеше рет нәтиже беретіндігіне байланысты тұжырымдамалармен басталған.

Қылмыстылықтың алдын алу - бүкіл қоғам болып және мемлекеттік органдармен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін өзара бір бірімен байланысты шаралардың жиынтығы ретінде қарастырылып профилактиканың объектісі, негізгі деңгейлері мен нысандары, күрес жүргізетін субъектілер баржүйені құрайтындығы айтылған.

Қылмыстылықтың алдын алу объектілеріне қылмыстылықтың жай-күйі мен динамикасына әсер ететін экономикалық, әлеуметтік, саяси сипаттағы факторлар, құқық нормасына сай келуі тиіс адамдардың қызметі, қылмыскердің жеке басын сипаттайтын қасиеттер кіргізілген.

Алдын алу қызметінің әлеуметтік деңгейі, көлемі (жаппай қамтылуы), аумақтық көлемі, алдын алу объектісіне әсер ету кезеңдері, бағыты, әсер етудің түрі (мазмұны), қолданатын субъект бойынша қылмыстылықтың алдын алу шаралары топтастырылып, көлемі (жаппай қамтылуы) бойынша: жалпы, арнаулы және жеке болып бөлініп қарастырылып осы тарауда әрқайсысы жеке қарастырылған.

Сонымен қатар, ұрлау, тонау, қарақшылық, алаяқтық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерін жоюға тікелей бағытталған шаралар да арнайы анықталып. Оларға ең алдымен ұйымдастырушылық, техникалық, арнайы сипаттағы және әлеуметтік шараларды жатқызылып әрқайсысы бөлек түсіндірілген.

Сонымен қатар, осы тарауда жымқыру зардабын шегушілерге қатысты бірнеше виктимологиялық көзқарастар қарастырылып тұжырымдалған. Және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу құралы ретіндегі жазаның орны бойынша Ү.С.Жекебаевтың, Н.О. Дулатбековтың, И.М. Гальпериннің зерттеу жұмыстары талқыланған.

Оған қоса, Қылмыстылық детерминациясының үш деңгейі: жалпы-әлеуметтік, әлеуметтік-топтық, жеке, индивидуалды деңгейлері де жеке-жеке қарастылған.

Жоғарыда аталған қылмыстылық детерминацияларымен тікелей байланысты болып табылатын қылмыстылықтың алдын алудың негізгі төрт бағыты көрсетілген.

Сонымен қатар меншікке қарсы қылмыстарға қарсы тұру механизмдерінің құрылымдық бөліктері және олардың кешені мемлекеттегі қылмыстық саясаттың қылмыстылықтың алдын алу бойынша мақсатына жетуге ұмтылдыратындығы көрсетілген.

Және меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігін арттыру бойынша жүзеге асыру қажет тізімі мен жеке



профилактикалық жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатындағы сақталуы қажет негізгі талаптар тізімі берілген.

**Қорытындыда** диссертациялық жұмыста қойылған мақсат пен белгіленген міндеттер шеңберіндегі қорытындылар мен тұжырымдар айқындалады.